

## Өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалануға арналған лицензиялық, сублицензиялық шарттарды тіркеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитеті Төрағасының 2007 жылғы 24 сәуірдегі N 57-НҚ Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде 2007 жылғы 30 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4647 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2010 жылғы 23 сәуірдегі N 136 Бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.04.23 N 136 ( алғаш ресми жарияланған күнінен кейін 10 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 2 наурыздағы N 237-III»"Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңын іске асыру мақсатында,

### **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н**

1. Қоса беріліп отырған Өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалануға арналған лицензиялық, сублицензиялық шарттарды тіркеу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеті төрағасының 2001 жылғы 10 тамыздағы N 31 " Өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалануға арналған лицензиялық, сублицензиялық шарттарды тіркеудің тәртібі жөніндегі Ережені бекіту туралы" ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1678 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде жарияланған, 2002 жыл, N 15, 570-құжат) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Зияткерлік меншік құқығы комитетінің Өнеркәсіптік меншік саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру басқармасы (Н.Б. Баржақсы) заңда көрсетілген тәртіппен осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуге ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті төрағасының орынбасары С.Е. Бекеновке жүктелсін.

5. Осы бұйрық оның бірінші ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді.

*Төраға*

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрлігінің  
Зияткерлік меншік құқығы  
жөніндегі комитеті Төрағасының  
2007 жылғы 24 сәуірде N 57-НҚ  
бұйрығымен бекітілді

**Өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалануға лицензиялық,  
сублицензиялық келісім-шарттарын тіркеу жөніндегі Нұсқаулық 1.  
Жалпы ережелер**

1. Осы Нұсқаулықта Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 79, 299 - 326 баптарына, 896 - 909 , 1001 , 1031 баптарына, 1999 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Патент заңының 14 бабы 1-4 тармақтарына және 1999 жылғы 26 шілдедегі «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 21-бабының 2, 3-тармақтарына, 1999 жылғы 13 шілдедегі N 422-І» «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 18, 19, 20-баптарына , 29 маусымдағы 2001 жылғы N 217 «Интегралды микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 8 бабына , 2003 жылғы 13 мамырдағы N 415-ІІ» «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына , 1998 жылғы 22 сәуірдегі N 220-І» «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалануға арналған лицензиялық шарттарды және сублицензиялық шарттарды тіркеудің процедурасын нақтылайды.

2. Осы Нұсқаулықта келесі негізгі ұғымдар мен терминдер пайдаланылады:

1) өнеркәсіптік меншік объектілері - өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, тауар таңбалары немесе қызмет көрсету таңбалары, селекциялық жетістіктер, интегралдық микросхемалар топологиясы;

2) қорғау құжаттары - өнертабысқа алдын ала патент (2007 жылғы 2 наурыздағы N 237)» «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданғанға дейін берілген),

өнертабысқа, өнеркәсіптік үлгіге, пайдалы модельге, селекциялық жетістікке патент; инновациялық патент; тауар таңбасына немесе қызмет көрсету таңбасына , интегралдық микросхемалар топологиясына куәлік;

3) лицензиар - қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектісіне ерекше құқығы бар және оны басқа тұлғаларға пайдалануға беретін лицензиялық шартының т а р а б ы ;

4) лицензиат - қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектісіне пайдалану құқығын алатын лицензиялық шартының тарабы;

5) сублицензиар (лицензиат) - қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға сублицензия беру құқығына ие сублицензиялық шартының тарабы;

6) сублицензиат - тіркелген сублицензиялық шартының негізінде қорғалатын өнеркәсіптік меншік объектісіне пайдалану құқығын алған тұлға;

7) лицензиялық шарт - өнеркәсіптік меншік объектісіне ерекше құқықты иеленуші (лицензиар) басқа тарапқа (лицензиатқа) тиісті өнеркәсіптік меншік объектісін белгілі бір үлгіде уақытша пайдалану құқығын береді;

8) сублицензиялық шарт - лицензиаттың басқа тұлғаға (сублицензиатқа) өнеркәсіптік меншік объектісін уақытша пайдалану құқығына арналған ерекше лицензияны беруі туралы шарт;

9) уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген және өнеркәсіптік меншік объектілері құқығын қорғау саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік о р г а н ;

10) сараптама жасау ұйымы - мемлекеттік монополияға жататын салалардағы (өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау саласында қызмет көрсету) қызметті жүзеге асыратын, уәкілетті органға ведомстволық бағыныстағы ұйым.

3. Лицензиялық шарт пен сублицензиялық шарт соған қатысты шарт жасалатын өнеркәсіптік меншік объектісіне ерекше құқық күшінде болатын мерзім ішіндегі кез келген уақытта жасалуы мүмкін.

Сублицензиялық шарт лицензиялық шартпен көзделген жағдайларда ғана жасалуы мүмкін.

4. Лицензиялық шарт пен сублицензиялық шарт жазбаша нысанда жасалады және уәкілетті органда міндетті түрде тіркелуге тиіс.

5. Лицензиялық шарттарды тіркеу сараптама жасау ұйымы (бұдан әрі - сараптама жасау ұйымы) ол құжаттарға жүргізген сараптама нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Лицензиялық шарт пен сублицензиялық шарт оларды тіркеген күннен бастап күшіне енеді.

6. Сублицензиялық шарттарды тіркеудің тәртібіне, егер Қазақстан Республикасы заңнамаларында өзгеше көзделмесе, лицензиялық шарттарды тіркеу туралы нұсқаулық қолданылады.

7. Шартты тіркеуге кедергі жасайтын, бірақ, бұл кедергілерді жоюға болатын негіздер:

1) соған қатысты шарт жасалатын патентке арналған ерекше құқықтың қолданылуының тоқтауы;

2) күште қалуына төлемдер жүргізілмеген және төлемнің жеңілдік мерзіміндегі қорғау құжаттары (6 айдан аспағанда);

3) Қазақстан Республикасы заңнамаларында көзделген негіздердің, өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалануға арналған лицензия беруге кедергі келтіретін, бұрын жасалған шарт бойынша қабылданған міндеттемелердің болуы ;

4) шартта Қазақстан Республикаларының заңнамаларына және Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттарға қайшы келетін ережелердің болуы;

8. Шарттарды тіркеуден бас тарту негіздемелері:

1) соған қатысты шарт жасалатын алдын ала патентке, инновациялық патент немесе тауар таңбасына ерекше құқықтың қолданылуының тоқтауы;

2) сұрауға өз мезгілінде жауап бермеуі;

3) жауапта барлық қажетті мәліметтер мен құжаттардың жоқтығы;

4) лицензиялық шартта лицензияттың сублицензиялық шартты тіркеуге өкілеттілігінің жоқтығы және уәкілетті органда тіркелген лицензиялық шарттың жоқтығы.

## 2. Лицензиялық, сублицензиялық шарттарды тіркеу

9. Лицензиялық шарт пен сублицензиялық шартты тіркеу үшін сараптама жасау ұйымына келесі ұсынылады:

Осы Нұсқаулықтың 1, 2 қосымшаларына сәйкес белгіленген нысандар бойынша өтініш.

Өтініш бір шартқа қатысты болуы тиіс.

10. Өтінішті шарт тараптарының бірі не олардың мұрагерлері немесе құқықтық мирасқорлары, не өкілмен немесе патенттік сенім білдірушімен беріледі.

Шарттағы тараптардың бірінің атынан берілген өтінішке басшы немесе лауазымы көрсетілген заңды тұлғаның құрылтайшы құжаттарына сәйкес құзырлы басқа тұлға қол қояды.

Мұрагер немесе құқықтық мирасқор өтініш берген кезде оған мұрагерлік немесе құқықтық мирасқорлық құқығын растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі қоса беріледі.

Патенттік сенім білдіру немесе өзге өкіл арқылы өтініш берген кезде, оған келісім-шарттың бір тарапы жағынан берілген сенімхат қоса беріледі.

11. Өтінішке қосымша:

1) шарттың титулдық парақпен жабдықталған төрт дана түпнұсқалары.

Шарттың әрбір данасы тігіледі, қағаз пломбасымен бекітіледі, оған тігілген және нөмірленген парақтардың саны туралы жазба жасалады, мөр бедерлемесі мен екі тараптың уәкілетті етілген тұлғаларының немесе өтініш берушінің қолдары қойылады. Шарттың әрбір парағы екі тараптың уәкілетті өкілдерімен қол қойылуы керек. Сараптама жасау ұйымына құжаттарды тіркеуге тапсыру келісім-шартқа қол қойылған күннен бастап алты айдан кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Шарт түпнұсқаларының орнына шарттың нотариалдық куәландырылған көшірмелері ұсынылу мүмкін;

2) мұрагерлік құқығын немесе құқықтық мирасқорлығын растайтын құжаттың көшірмесі;

3) өтінішті патенттік сенім білдіруші немесе өзге өкіл арқылы берген жағдайда - сенімхат;

4) тарифке сәйкес белгіленген мөлшерде тиісті төлемнің жүргізілгенін растайтын құжат;

5) шарттарды бекіту және оған лицензиар (сублицензиар) атқарушы орган басшысының қолын қою құзырлығын беру мәселесі жөніндегі лицензиар (сублицензиар) (құрылтайшылар немесе акционерлердің жалпы жиналысы) басқару органының шешімі қоса беріледі;

Өтініш мемлекеттік немесе орыс тілдерінде ұсынылады. Шетелдік есімдер мен заңды тұлғалардың атаулары қазақ немесе орыс транслитерациясымен көрсетілуге тиіс. Осы Нұсқаулықтың 11 тармағымен қаралған құжаттар мемлекеттік, орыс немесе басқа тілдерде беріледі. Егер құжаттар өзге тілде берілсе, өтінішке белгіленген тәртіпте олардың нотариалдық куәландырылған мемлекеттік немесе орыс тілінде аудармасы қоса беріледі.

12. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын жеке тұлғалар немесе шетелдік заңды тұлғалар, сараптама жасау ұйымына шарт құжаттарын өз атынан берген жағдайда шартын тіркеуге байланысты істі Қазақстан Республикасының тіркелген патенттік сенім білдірушілері арқылы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, бірақ уақытша одан тысқары жерлерде жүрген жеке тұлғалар, шарттарды тіркеуге байланысты істі, Қазақстан Республикасының шегінде хат жазуға арналған мекен-жайын көрсеткен жағдайда , патенттік сенім білдірусіз жүргізе алады.

13. Сараптама жасау ұйымы құжаттар тізбесі ұсынылған соң:

Өтініш келіп түскен күннен бастап жиырма жұмыс күн ішінде келіп түскен құжаттарға алдын ала сараптама жүргізеді, оның барысында қажетті құжаттардың бар болуы және оларға қойылған талаптардың сақталуы тексеріледі , өтінішке қоса берілетін шарт материалдарында сараптаманы жүргізу төлемін растайтын құжаттың болмаған жағдайында, өтініш берушіге төлем есебі беріледі. Бұл ретте аталған мерзімдер сараптама жасау ұйымына төлемнің келіп түскен күнінен бастап есептелінеді.

Келісім-шарттың қарауға қабылданған материалдарына бір ай мерзім ішінде олардың мәні бойынша сараптама жүргізіледі, соның барысында шарт құжаттарына Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамаларына сәйкес зерттеу жүргізіледі.

14. Құжаттарды рәсімдеу талаптарын бұзған жағдайда немесе осы Нұсқаулықтың 7-тармағында көрсетілген шартты тіркеуге кедергі жасайтын, бірақ жойыла алынатын негіздерінің болған жағдайында, өтініш берушіге жіберілген күннен бастап үш ай ішінде жетіспейтін немесе түзетілген құжаттарды беруге немесе қажетті өзгерістер мен толықтыруларды енгізуге ұсынысы бар сұраным жіберіледі. Бұл ретте осы Нұсқаулықтың 13-тармағында көрсетілген сараптаманың мәні бойынша жүргізілетін мерзімдер жетіспейтін немесе түзетілген құжаттарды өткізген күннен бастап есептеледі.

Осы Нұсқаулықтың 8-тармағында көрсетілген негіздер болған жағдайда,

сараптама жасау ұйымы шартты тіркеуден бас тарту туралы шешім қабылдап, тіркеуден бас тартудың себептерін көрсете отырып, қорытындыны уәкілетті органға жібереді.

15. Егер сараптама жүргізу барысында, сараптама жасау ұйымының бөлімінен жеке мәселелер бойынша қорытынды алу қажеттілігі туындаған жағдайда осы Нұсқаулықтың 13-тармағында көрсетілген сараптама жасау мерзімі қорытындыны ұсыну күнінен есептеледі. Қорытындыны ұсыну мерзімі, сұрау түскен күннен он бес күнді құрайды.

16. Сараптама нәтижесі оң болған жағдайда сараптама жасау ұйымы лицензиялық шартты тіркеуге кедергі келтіретін негіздердің жоқтығы туралы қорытындыны уәкілетті органға жібереді.

17. Шартты тіркеу туралы немесе тіркеуден бас тарту туралы шешімді уәкілетті орган қабылдайды.

18. Уәкілетті органның шартты тіркеу туралы шешімі шығарылған соң, уәкілетті орган шартты тіркеу туралы шешімді сараптама жасау ұйымына жібереді, сол шешімнің негізінде сараптама жасау ұйымы өтініш берушіге шартты тіркеу үшін мемлекеттік баждың төленгендігін растайтын құжатты беру қажеттігі туралы хабарлама жібереді.

Егер ағымдағы жыл ішінде өтініш берушімен төлем жүргізілмесе, не бекітілген тәртіпте расталмаса, шарт кері қайтарып алынған болып есептеледі.

Уәкілетті орган шартты тіркеуден бас тарту туралы шешім шығарған жағдайда қаралып отырған шарт бойынша құжаттар жиынтығы тіркеуден бас тарту туралы шешіммен бірге өтініште көрсетілген мекен-жай бойынша қайтарылады.

19. Уәкілетті орган шартты тіркеу үшін мемлекеттік баж төленгендігі р а с т а л ғ а н н а н к е й і н :

1) шарттың нысанасы болып табылатын өнеркәсіптік меншік объектісінің қорғау құжатына қосымшаны ресімдейді. Тауар таңбаларын немесе өнертабысқа патенттік кооперация жөніндегі шарт (РСТ) өтінімі бойынша берілген еуразиялық патентті, патентті халықаралық тіркеуге қатысты жасалған шарт үшін аталған іс-қимыл жүргізілмейді;

2) шарттың титулдық парағына тіркеу күнін, шарт парағының және оның қосымшасының санын, тіркеу нөмірін көрсете отырып, оның тіркелгені туралы м ө р т а б а н с о ғ а д ы ;

3) тіркелген шарттардың Тізіліміне шарт туралы мәліметтерді ендіреді;

4) хат жазысу үшін өтініште көрсетілген мекен-жай бойынша шарттың тіркелген екі данасын және қорғау құжатына қосымшаны жібереді (болған жағдайда).

Шарттың үшінші және төртінші данасы уәкілетті орган мен сараптама жасау ұйымында сақталады және бақылау даналары болып табылады.

20. Сараптама жасау ұйымы тіркелген шарттар бойынша:

1) тіркелген шарттар, атап айтқанда:  
шарттың тіркелген нөмірі мен күні;  
шарт тараптарының атаулары (тегі, аты, әкесінің аты);

шарттың нысанасы;

шарттың күшінде болу мерзімі;

шарт күшінде болатын аумақтар туралы мәліметтерді бюллетенге тоқсан сайын жариялайды.

21. Тіркелген шартқа енгізілетін, келісім-шарттың объектісіне қатысты емес кез келген өзгерістер немесе толықтырулар сарапталуға, тіркелуге тиіс және ол тіркелген шарттардың тізіліміне енгізіледі.

Тіркелген лицензиялық шарт пен сублицензиялық шартқа өзгерістер немесе толықтырулар енгізу туралы өтініш осы Нұсқаулықтың 3, 4 қосымшаларының нысаны бойынша сараптама жасау ұйымына беріледі.

22. Тіркелген шартқа өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы өтінішке:

1) шарттың екі тарапымен қол қойылған, енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың тізбесі бар қосымша келісім мұқаба бетімен төрт данада. Шарттың әрбір данасы тігіледі, қағаз пломбасымен бекітіледі, оған тігілген және нөмірленген парақтардың саны туралы жазба жасалады, мөр бедерлемесі мен екі тараптың уәкілетті етілген тұлғаларының немесе өтініш берушінің қолдары қойылады. Шарттың әрбір парағы екі тараптың уәкілетті өкілдерімен қол қойылуы керек.

2) өтінішті патенттік сенім білдіруші немесе өзге өкіл арқылы берген жағдайда - сенімхат;

3) тарифке сәйкес белгіленген мөлшерде тиісті төлемнің жүргізілгенін растайтын құжат;

23. Өзгерістер мен толықтыруларды енгізу өтініші мен қоса берілетін құжаттарды рәсімдегенде және бергенде, сондай-ақ тіркелген шартқа енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды сараптау мен тіркеу тәртібіне осы Нұсқаулықтың 12-20 тармақтарымен белгіленген ережелер қолданылады.



### 3. Қорытынды ережелер

24. Кез келген тұлға тіркелген лицензиялық шарттар және сублицензиялық шарттар Тізілімінен тіркелген шарттар туралы мәліметке қатысты көшірмені ашық жариялау үшін ала алады.

Лицензиялық шарт мәтінімен үшінші тұлғаны таныстыруға, сондай-ақ одан көшірме алуға шарт тараптарының келісімімен ғана жол беріледі.

25. Лицензиялық шартты, сублицензиялық шартты сараптау мен тіркеудің барлық сатыларында, ашық жариялау үшін белгіленген мәліметтерді қоспағанда, шарт жасасудың мазмұны мен шарттарына қатысты мәліметтердің құпиялылығы қамтамасыз етіледі.

Өнеркәсіптік меншік объектілерін  
пайдалануға лицензиялық, сублицензиялық  
шарттарын тіркеу жөніндегі Нұсқаулыққа

1 - қ о с ы м ш а

Л-1 нысаны

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі**  
**Зияткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің**  
**"Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМҚК**

**Лицензиялық шартты тіркеу туралы**  
**ӨТІНІШ**

1. Осы өтініште көрсетілген қорғау құжатына (қорғау құжаттарына) қатысты лицензиялық шартын тіркеуді сұраймын.

2. Қорғау құжатының (қорғау құжаттарының) атауы (атаулары) мен нөмірі ( н ө м і р л е р і )

---

2-бағанда орын аз болса, белгі қойыңыз, және жалғастыру парағында қажетті ақпаратты келтіріңіз.

3. Лицензиар (лицензиарлар) \_\_\_\_\_  
Жеке тұлғаның тегі, аты-жөні  
немесе заңды тұлғаның атауы  
Мекен-жайлары (соның ішінде почта индексі мен елдің атауы)  
м е н т е л е ф о н д а р ы

---

Лицензиарлар бірнеше болса, белгі қойыңыз, және жалғастыру парағында қажетті ақпаратты келтіріңіз.

4. Лицензиат (Лицензиаттар) \_\_\_\_\_

Жеке тұлғаның тегі, аты-жөні

немесе заңды тұлғаның атауы

Мекен-жайлары (соның ішінде почта индексі мен елдің атауы)

м е н

т е л е ф о н д а р ы

Лицензиаттар бірнеше болса, белгі қойыңыз, және жалғастыру парағында қажетті ақпаратты, соның ішінде олардың әрбірінің мекен-жайы мен телефонын көрсетіп келтіріңіз.

5. Патенттік сенім білдіруші немесе өтініш берушінің өзге өкілі \_\_\_\_\_

Мекен-жайлары (соның ішінде почта индексі мен елдің атауы) мен телефондары \_\_\_\_\_

6. Лицензияның түрі \_\_\_\_\_

7. Лицензиялық шартпен көзделген пайдалану түрлерін ескере отырып, тапсырылатын құқықтардың көлемі \_\_\_\_\_

8. Хат алмасудың мекен-жайлары \_\_\_\_\_

9. Қ о с ы м ш а л а р :

Тіркелетін шарт \_\_\_ парақта (NN қосымшалары \_\_\_\_\_ парақта) \_\_\_\_\_ д а н а д а ;

Патенттік сенім білдірушінің немесе өзге уәкілетті өкілдің құзырлығын р а с т а й т ы н с е н і м х а т ;

Төлемді р а с т а й т ы н құжат;

Жалғастыру парақтары;

Басқа құжат (көрсетіңіз) \_\_\_\_\_

Өтініш беруші \_\_\_\_\_ М.О.

лауазымы, тегі, аты-жөні және қолы

Күні \_\_\_\_\_

Өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалануға лицензиялық, сублицензиялық шарттарын тіркеу жөніндегі Нұсқаулыққа

2 - қ о с ы м ш а

Л-2 нысаны

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі**  
**Зияткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің**  
**"Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМҚК**

**Сублицензиялық шартын тіркеу туралы**

**ӨТІНІШ**

1. Осы өтініште көрсетілген қорғау құжатына (қорғау құжаттарына) қатысты сублицензиялық шартын тіркеуді сұраймын.

2. Қорғау құжатының (қорғау құжаттарының) атауы (атаулары) мен нөмірі ( н ө м і р л е р і )

---

2-бағанда орын аз болса, белгі қойыңыз, және жалғастыру парағында қажетті ақпаратты келтіріңіз.

3. Лицензиат (лицензиаттар) \_\_\_\_\_

Жеке тұлғаның тегі, аты-жөні  
немесе заңды тұлғаның атауы

Мекен-жайлары (соның ішінде почта индексі мен елдің атауы) мен телефондары \_\_\_\_\_

Лицензиаттар бірнеше болса, белгі қойыңыз, және жалғастыру парағында қажетті ақпаратты келтіріңіз.

4. Сублицензиат (Сублицензиаттар) \_\_\_\_\_

Жеке тұлғаның тегі, аты-жөні  
немесе заңды тұлғаның атауы

Мекен-жайлары (соның ішінде почта индексі мен елдің атауы) мен телефондары \_\_\_\_\_

Сублицензиаттар бірнеше болса, белгі қойыңыз, және жалғастыру парағында қажетті ақпаратты, соның ішінде олардың әрбірінің мекен-жайы мен телефонын көрсетіп келтіріңіз.

5. Патенттік сенім білдіруші немесе өтініш берушінің өзге өкілі \_\_\_\_\_

---

Мекен-жайлары (соның ішінде почта индексі мен елдің атауы) мен телефондары \_\_\_\_\_

6. Лицензиялық шарттың нөмірі мен күні \_\_\_\_\_

7. Лицензиялық шартпен көзделген пайдалану түрлерін ескере отырып, тапсырылатын құқықтардың көлемі \_\_\_\_\_

8. Хат алмасудың мекен-жайлары \_\_\_\_\_

---

Тіркелетін шарт \_\_\_\_ парақта (NN қосымшалары \_\_\_\_ парақта) \_\_\_\_  
д а н а д а ;

Патенттік сенім білдірушінің немесе өзге уәкілетті өкілдің құзырлығын  
р а с т а й т ы н сенімхат ;

Төлемді растайтын құжат ;

Жалғастыру парақтары ;

Басқа құжат (көрсетіңіз) \_\_\_\_\_  
Өтініш беруші \_\_\_\_\_ М.О  
лауазымы, тегі, аты-жөні және қолы  
Күні \_\_\_\_\_

Өнеркәсіптік меншік объектілерін  
пайдалануға лицензиялық, сублицензиялық  
шарттарын тіркеу жөніндегі Нұсқаулыққа

3 - қ о с ы м ш а

Л-3 нысаны

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі**  
**Зияткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің**  
**"Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМҚК**

**Тіркелген лицензиялық шартына**  
**өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу туралы**  
**ӨТІНІШ**

1. Осы өтініште көрсетілген қорғау құжатына (қорғау құжаттарына) қатысты  
тіркелген лицензиялық шартына өзгерістер мен толықтыруларды тіркеуді  
с ұ р а й м ы н .

2. Қорғау құжатының (қорғау құжаттарының) атауы (атаулары) мен нөмірі (нөмірлері) \_\_\_\_\_

2-бағанда орын аз болса, белгі қойыңыз, және жалғастыру парағында қажетті  
а қ п а р а т т ы к е л т і р і ң і з .

3. Лицензиар (лицензиарлар) \_\_\_\_\_  
Жеке тұлғаның тегі, аты-жөні  
немесе заңды тұлғаның атауы

Лицензиарлар бірнеше болса, белгі қойыңыз, және жалғастыру парағында қажетті ақпаратты келтіріңіз.

4. Лицензиат (Лицензиаттар) \_\_\_\_\_  
Жеке тұлғаның тегі, аты-жөні  
немесе заңды тұлғаның атауы

Лицензиаттар бірнеше болса, белгі қойыңыз, және жалғастыру парағында қажетті ақпаратты, соның ішінде олардың әрбірінің мекен-жайы мен телефонын көрсетіп келтіріңіз.

5. Патенттік сенім білдіруші немесе өтініш берушінің өзге өкілі \_\_\_\_\_

Мекен-жайлары (соның ішінде почта индексі мен елдің атауы) мен телефондары \_\_\_\_\_

6. Лицензиялық шарттың тіркеу нөмірі мен күні \_\_\_\_\_

7. Хат алмасудың мекен-жайлары \_\_\_\_\_

8. Қосымшалар:

Тіркелетін келісім-шарт \_\_\_\_\_ парақта (NN қосымшалары \_\_\_\_\_ парақта) \_\_\_\_\_ данада;

Төлемді растайтын құжат;

Жалғастыру парақтары;

Басқа құжат (көрсетіңіз) \_\_\_\_\_

Өтініш беруші \_\_\_\_\_ М.О.

лауазымы, тегі, аты-жөні және қолы

Күні \_\_\_\_\_

Өнеркәсіптік меншік объектілерін пайдалануға лицензиялық, сублицензиялық шарттарын тіркеу жөніндегі Нұсқаулыққа

4 - қ о с ы м ш а

Л-4 нысаны

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі**  
**Зияткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің**  
**"Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМҚК**

**Тіркелген сублицензиялық шартының өзгерістері мен толықтыруларын тіркеу туралы**  
**ӨТІНІШ**

1. Осы өтініште көрсетілген қорғау құжатына (қорғау құжаттарына) қатысты тіркелген сублицензиялық келісім-шартына өзгерістер мен толықтыруларды тіркеуді сұраймын.

2. Қорғау құжатының (қорғау құжаттарының) атауы (атаулары) мен нөмірі (нөмірлері) \_\_\_\_\_

2-бағанда орын аз болса, белгі қойыңыз, және жалғастыру парағында қажетті ақпаратты келтіріңіз.

3. Лицензиат (лицензиаттар) \_\_\_\_\_

Жеке тұлғаның тегі, аты-жөні  
немесе заңды тұлғаның атауы

Лицензиаттар бірнеше болса, белгі қойыңыз, және жалғастыру парағында қажетті ақпаратты келтіріңіз.

4. Сублицензиат (Сублицензиаттар) \_\_\_\_\_

Жеке тұлғаның тегі, аты-жөні  
немесе заңды тұлғаның атауы

Сублицензиаттар бірнеше болса, белгі қойыңыз, және жалғастыру парағында қажетті ақпаратты, соның ішінде олардың әрбірінің мекен-жайы мен телефонын көрсетіп келтіріңіз.

5. Патенттік сенім білдіруші немесе өтініш берушінің өзге өкілі \_\_\_\_\_

Мекен-жайлары (соның ішінде почта индексі мен елдің атауы) мен телефондары \_\_\_\_\_

6. Сублицензиялық шарттың тіркеу нөмірі мен күні \_\_\_\_\_

7. Хат алмасудың мекен-жайлары: \_\_\_\_\_

8. Қосымшалар:

Тіркелетін келісім-шарт \_\_\_\_\_ парақта (NN қосымшалары \_\_\_\_\_ парақта) \_\_\_\_\_ данада;

Төлемді растайтын құжат;

Жалғастыру парақтары;

Басқа құжат (көрсетіңіз) \_\_\_\_\_

Өтініш беруші \_\_\_\_\_ М.О.

лауазымы, тегі, аты-жөні және қол

Күні \_\_\_\_\_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК